

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan»  
партиясы фракциясының мүшесі  
Е.С. Бейсенбаевқа

2021 жылғы 17 қарашадағы  
№ДС-323 депутаттық сауалға

### Құрметті Елнұр Сабыржанұлы!

Сіздің NEET жастарына қатысты жүргізілетін жұмыстарды біріздендіру мәселелері бойынша депутаттық сауалыңызға байланысты келесіні хабарлаймыз.

Мемлекет Басшысы 2019 жылғы 10 желтоқсанда Жастар жылының жабылу салтанатында және волонтер жылының басында мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша шаралар қабылдауды тапсырған болатын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) әзірленді, оның шеңберінде «NEET санатындағы жастар» ұғымын заңнамалық бекіту және NEET санатындағы жастармен қызмет жөніндегі құзыреттерді толықтыру жоспарлануда. Қазіргі уақытта заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауында және Заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес белгіленген мерзімде Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады («Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2021 жылға арналған жоспары туралы» 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 910 ҚРҰҚ - 2021 жылғы желтоқсан мерзімі).

Бұдан басқа, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес 2021 жылдың басынан бастап NEET санатындағы жастар санын ағымдағы жылғы 360 мың адамнан 2025 жылға қарай 280 мың адамға дейін төмендетуге бағытталған шаралар кешені іске асырылуда

(71-тармақ). Бұл көрсеткіш 2021 жылы орындалды, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Агенттіктің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша NEET санатындағы жастардың үлесі 6,7% - ды немесе 250,5 мың адамды құрады.

Өз кезегінде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасына (2021 жылғы 12 қазандағы № 724 ҚРҰҚ) сәйкес «Тәуелсіздік ұрпақтары» жастарды қолдау жөніндегі арнайы бағыт шеңберінде 2025 жылға қарай NEET санатындағы жастарды 5% - ға дейін төмендету бойынша шаралар кешені жоспарланған. Сондай-ақ, жастарды, оның ішінде NEET санатындағы жастарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы қолдауға және уақтылы хабардар етуге бағытталған El Jastary бірыңғай ақпараттық навигаторын әзірлеу көзделген.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар іске асырылуда (2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 ҚРҰҚ), оның шеңберінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп NEET санатындағы, оның ішінде ауылдық жерден және өмірлік қиын жағдайда жүрген жастарды жұмыспен қамтуға, жұмысқа орналастыруға және әлеуметтендіруге бағытталған бірқатар шараларды іске асыруда.

Ағымдағы жылы Жастар ресурстық орталықтарында республикалық жобалық кеңсе және NEET санатындағы жастармен атаулы жұмыс жөніндегі арнайы бөлімдер құрылып, жұмыс істейді. Республикалық жобалық кеңсенің базасында call-орталық жұмыс істеуде (8-778-097-55-28), оның көмегімен 8,9 мың жас адам жұмысқа орналастыру, біліктілігін арттыру және қайта даярлау мәселелері бойынша жеке және топтық онлайн-консультациялар алды, қазіргі уақытта 5 мыңнан астам адам тіркелген NEET санатындағы жастардың өңірлік Дерекқоры қалыптастырылды, NEET санатындағы жастар арасында жастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және құжаттарды ресімдеуге, жұмысқа орналасуға, оқуға жәрдемдесу үшін 1,7 мың жастар пулы құрылды.

Сондай-ақ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, NEET санатындағы жастарды мемлекеттік қолдау шараларымен қамту мақсатында оларды анықтау және есепке алу алгоритмін әзірледі.

Аумақтарды дамыту бағдарламаларында жастардың NEET үлесін төмендету бойынша нысаналы индикатор және жастардың осы санатын жұмысқа орналастыру бойынша арнайы шаралар, оның ішінде жастарды волонтерлік қызметке тарту, «Жасыл Ел» еңбек жасақтарында маусымдық жұмысқа орналастыру, бұқаралық спортпен айналысуға тарту және т. б. көзделген.

Мәселен, NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіруге бағытталған кешенді шаралардың бірі «Zhas Project» жобасы болып табылады. 2022 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен «Zhas Project» жобасын қаржыландыру мәселесі қаралатын болады.

Сонымен бірге, бүкіл әлемде NEET санатындағы жастардың үлесі

коронакризис салдарынан артып келеді. Мәселен, Еуростаттың деректері бойынша 2020 жылы ЕО елдерінде NEET санатындағы жастар көрсеткіші 2019 жылмен салыстырғанда 1,2% - ға, 17,6% - ға дейін ұлғайды және бұл көрсеткіштің одан әрі ұлғаюы болжанып отыр. ЭЫДҰ елдерінде 18-24 жастағы NEET санатындағы жастардың үлесі орта есеппен 14% - ды құрайды. Бразилия, Колумбия, Коста-Рика, Италия, Оңтүстік Африка және Түркияда жастардың 25% - дан астамы осы санатқа жатады. Бұл ретте БҰҰ-ның «World Youth Report 2020» баяндамасына сәйкес Қазақстан NEET жастары үлесінің ең төмен көрсеткіштері бар елдердің «жасыл аймағында» 1-9, 9% деңгейінде тұр.

Тұтастай алғанда, NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіруге және нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған кешенді шараларды іске асыру тұрақты бақылауда және оның ішінде нормативтік-құқықтық базаны, сондай-ақ атаулы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жетілдіру есебінен күшейтілетін болады.

Жалпы, NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіруге және нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған кешенді шараларды іске асыру Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Е. Тоғжанов**